



**Жапбаров А.,
Абай Баймахан**

**МӘТІНГЕ ЖОСПАР
ҚҰРҒЫЗУДАҒЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІНІҢ
ТУЫНДАУЫ**

*В этой статье рассматриваются
пути обучения составлению плана к
текстовому материалу.*

*The ways of teaching of composing
the plan for the material of the text
are considered in this article.*

Мәтінге жоспар құру барысында оқушы екі жақты әрекет жасайды: оның бірі – мәтінді бөлшектеу жолын танып жатады, екіншісі – мәтіннің мәнісі жағынан жуық келетін бөліктерін топтап, жинақтап жатады. Сонда, жоспар құру анализ бен синтездің қатар жүруін қажет ететін логикалық амалдар екендігін танымыз. Құрылымдық жағынан бөлшектеп жатқанымен, сол бойда мән-мағыналық жағынан топтап жатады.

Мәтінге жоспар құрғызуды оқушы-лардың танымдық әрекеті деп тану осыдан келіп туындайды. Өйткені тұтас пен бөлшектің ара қатынасы және тұтастықты құрап тұрған ішкі байланыстарды анықтау-оқушының таным қызметінің нәтижесі.

Мәтінге жоспар құруды үйрену арқылы оқушы берілген материалдың ішіндегі ең мәнді, маңызды, яғни ойдың дәнін тану жолын меңгеретінін ұмытпау керек. Алғаш жоспар құруды үйренген кезде оқушы маңызды емес, жанама белгілерді алдыңғы кезекке қоюы мүмкін. Мысалға, ол бір заттың айрықша белгісі болуы да, немесе оқушыға таныс емес, айтылуы күрделі сөз болып та көрінуі мүмкін. Бірақ мәтінді тұтас қайта-қайта оқып, дауыстап оқып, одан мазмұндау барысында оқушының санасында үлкен мазмұн біртіндеп компрессиялана бастайды да, нәтижесінде оқушы жоспарды немесе тезисті "жасай бастайды". Бұл – біліктілікпен (интеллект) тығыз байланысты ой амалдары деп саналады.

Мәтінге жоспар құрғызуда оқушылар орындайтын, оларды қалыптастырылуы тиіс деп саналатын логикалық амалдар мыналар: тұтас мәтінді мағыналық бөлшектерге бөлу; негізгі ойды іріктеп, анықтау; бөлшектерге тақырып-шалар беру; оларды жоспар түрінде ретке келтіру.

Жоспар құру үшін, сонымен бірге жоспардың түрлерін де тану керек. Олар:

– жоспарды сөзбен құру, мұның өзі жай жоспар, күрделі жоспар, кеңейтілген жоспар болып бөлінеді;

– сурет арқылы жоспар құру;

– танымдық жоспар құру;


Негізінде жоспар құру барысында оқушылардың ой қызметі жетіледі. Оқушы мәтіндегі берілген материалдың мазмұнындағы түйінді ой мен қосалқы ойды ажырата ала ма, ол үдеріс қалай өтіледі, ойлау қызметі қаншалықты өсіп-жетілді, жазушы адамның тілдік қызметінің нәтижесі (яғни мәтін) екінші адамға қалай аударылып шешілді деген маңызды сұрақтарға



мұғалім оқушының мәтінге жоспар құру қызметінен, соның нәтижесінен жауап іздейді. Бірақ сол жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім соған жететін баспалдақтарды қалауы тиіс екендігі есте тұрады.

Берілген мәтінге мәндік тұрғыдан қайта шолуға мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекеттерінің сипатын осы ғалымдар мынадай деп таниды: тұтасты мәндік топтарға бөлу; мәтіннің құрылымын сол мәндік топтар арқылы топтау; есте сақталуы қажет материалдың жекелеген бөлшектерін бір-бірімен сәйкестендіру; есте сақталатындарды бір-бірімен және өзінде бұрыннан бар таныс мазмұнмен байланыстыру, үдеріс жаңаны есте сақтауда тірек болады; көрнекі бейнелерді тірек ету; метафоралық ойлау қызметін белсендіру т.б.

3. Сөйлеу



Мәтін – ішкі күрделі құрылымға ие жүйе. Мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара байланысы оны құрауға негізделеді. Мәтінді құраушылар арасындағы байланыстар жасалуын қамтамасыз ететін элементтерді О.Р. Каменская *коннектор* деп атайды. Сөз тіркесі мәтін ішіндегі құрылымдық-семантикалық байланыстылығы жағынан тек бір сөйлемнің ішінде қалып қоймайды. Бір сөйлемнің мағынасын құрауға қатысқан сөз тіркесі тұтас сөйлем мағынасының ішкі бөлшегі бола отырып, келесі сөйлемге мағыналық жағынан тізбектеледі. Сөйтіп, бір сөйлемнен келесі сөйлемге, одан үшінші сөйлем арқылы сөз тіркесі тұтас мәтіннің мағынасын жасауда белгілі бір дәрежеде коннекторлық қызмет атқарып тұрғаны байқалады. Сондықтан бұл құбылысты Н.Ж. Құрманова: «Жалпы, сөз тіркесінің мағыналық жағынан мәтін ішінде өзара байланысуы – ортақ тақырыпқа сай бір өріске ұйыса бірігу үдерісі негізінде өтеді. Белгілі бір ойлау актысының көрсеткіші ретінде қызмет ете отырып, сөз тіркестері де өзара «үндесе» орналасады», – деп көрсетеді. Б. Шалабаевтың айтуынша, сөйлеушінің не жазушының өмірлік тәжірибесі, белгілі бір мәтінді құрауда қолданылған мотиві, мақсаты, жағдайы тілдік құралдар мен тілдік тәсілдерді таңдауда көп басшылық етеді.

М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясынан алынған үзінді – мәтіндегі сөз бен сөз тіркестерінің мәін құраушылық қызметі мен мәтіннің тұтас мазмұнын ашудағы барынша орайласа, тізбектеле, кезеңділікке бағына орналасу сипаты талданды. Мәтін: "Есентай – кесек мұрынды, маңдайы талқылау келген, зор басты, бітік көзді, зіл салмақты адамның бірі. Оразбайға жасы да тақау. Елде Сармырза деген рудың аса сотқар, жуан бел атқамінерлерінің бірі. Бірі ғана емес, бірдің өзі. Ол Оразбайдың әр пәледе, әр кесір әлекте ұдайы қасынан табылатын үзенгі жолдасы.

Жасырақ шақтарында бұлар ұрлықты бірге істескен дейтін сыбыс бар-ды. Ол өте аз сөйлейді. Оразбай сапылдап: ашуын да, боқтығын да, шешен тілді қар боратқан дауын, жаласын да аласапыран айта жөнелгіш кісі. Ал Есентайдан сондайда Оразбайды бес-алты рет ақтарылта сөйлетіп алмайынша, үн шықпайтын. Тегі, әр жиынның ең артқы сөзін айтуды өзіне тәсіл ететін. Әуелі сөзге сараң, онан соң айтса, неғылса біреуді соқтырып, өшіктіре, қиян-кескі қиталастыра сөйлемесе, іші кебетіндей болған. Пәлесіз, үлкен ылансыз, алыс-жұлыссыз аяқтайтын сөздің тұсында Есентай көбінше тіл бермей, үн қатпай жым-жырт қалатын.

Әсіресе, даңғолау, есерсок, аңғалдау адамдар болса, Есентайдың қолына түссін. Ол бітік көзін жұма беріп, маңғаз, биік бойдағы сырын сездірместен сызданып отырып алады. Бірде бір езу тартып, жылы жүз беріп келген, жылыған, жібіген ажар көрсетпейді. Сырт қалпында адамды алдар деген титтей белгі болмайды. Бірақ сөйте отырып, талайларды алдап соғады, мысқыл етеді, мазақ қып кетеді" (М.Әуезов).

Талдау жұмысын мынадай жүйеде жүргізуге болады.

Мәтінді іштей үш бөлікке бөліп, әрқайсысына тақырыпша бердік: 1 тақырыпша – Есентайдың сыртқы бейнесі. 2 тақырыпша Есентайдың ішкі дүниесінің бейнесі. 3 тақырыпша Есентайдың әрекетінің бейнесі. Бұл тақырыптардың байланысуында сөз бен сөз тіркестерінің де үлкен рөл атқарып тұрғанын көрсету мақсатында оқушылармен біріге отырып теориялық талдау жүргізілді. 1-тақырыпшадан 2-тақырыпшаға желі тартқан сөз тіркесі-Оразбайдың жолдасы, үзенгі жолдасы. 2-тақырыпшадан 3-тақырыпшаға қарай өтетін жолды біз біреуді біреуге соқтыру, іші кебу; қиталастыра сөйлеу деген сөз тіркестері арқылы көрсетуге болады. 3-тақырыпшадағы үзінді мәтіннің шешімін талайларды алдау, мысқыл ету, мазақ қылу деген сөз тіркестері көрсетеді. Сонда, сөз тіркестерінің өзі сөйлемнің құраушы материалы болғанымен, шын мәнінде, өздерінің орналасу жүйесі арқылы мәтіннің



құраушы материалына айналып тұр. Сөйтіп, "Есентай" деп басталған мәтін, алдымен оның сыртқы бейнесі, одан ішкі дүниесін, ең соңында зұлым адамның тұтас бейнесін суреттеп аяқталып тұр. Осы яғни сөз тіркестерінің орналасқан логикалық желісін біз оқушыларға мынадай үлгіде де талдауды үйреттік:

1-тақырыпшадағы сөз тіркестері: "кесек мұрынды мандайы тайқылау зор басты зіл салмақты Оразбайға тақау аса сотқар - бірдің өзі әр пәледе, - әр кесір әлекте үзенгі жолдасы-ұдайы қасынан табылады-ұрлықты бірге істескен - екеуі берге істескен

2-тақырыпшадағы сөз тіркестерінің тізбегі: бір басқашалығы-айқын басқашалығы-аз сөйлейді – Оразбай аласапыран сөйлейді – Есентайдан үн шықпайды-ең артқы сөзді – әуелі сараң-сөзге сараң-біреуге соқтырады – әйтпесе іші кебеді пәлесіз сөздің тұсында – үн қатпайды, жым-жырт қалады

3-тақырыпшадағы сөз тіркестерінің тізбегі: даңғойлау, есерсоқ, аңғалдау адам түссін – Есентайдың қолына түссін-сырып сездірмейді-сызданып отырып алады, жылы жүз бермейді – жібіген ажар көр сеппейді – адамды алдар белгі болмайды, алдап соғады – мысқыл етеді – мазақ қып кетеді".

Берілген үзінді мәтіндегі Есентайдың бейнесі, шын мәніне келсек, романдағы Оразбайдың зұлым бейнесін аша түсетін қосымша персонаж ретінде беріледі. Ол Оразбайдың бейнесі болса, тұтас романдағы "жауыздық" деген концептіні танытатын бір элемент ретінде суреттелген. Көрсетілген сөз тіркестері болса, сол үлкен тұтастықтағы мазмұнды ашуда белгілі бір маңызға ие болып тұр. Мәтіннің тұтастығын тану оны бөлшектерге бөлу арқылы жүргізіледі. Бірақ, бөлшектерге бөлген кезде, олардың арасындағы грамматикалық және мағыналық байланыс жойылып кетпеуі тиіс.

Сөздердің байланысу түрлері туралы сабақтарда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің ерекшелігіне көбірек назар аударған дұрыс. Мынадай мәтінді талдау арқылы оқушылардың талдау әдістерін меңгеруі жетілдіріле түсті:

"Ақылды адамдар күн тәулігіндегі уақытты істелетін жұмыс, атқарылатын қызметтің ауқымына қарай бөліп қояды. Ол істерді бірімен-бірін араластырмайды. Олардың қызметкерлеріде қай кезде қандай іспен шұғылданатынын біледі. Соңдықтан да олардың атқаратын жұмыстары белгілі бір қалыптағы тәртіпке бағынады» (Кабуснаме).

Бірінші сөйлемдегі ақылды адамдар деген сөз тіркесіне талдау жүргізілді. Мұндағы тіркестің түрі – қабысу. Басынқы сөзі – адамдар. Келесі сөйлемде осы басынқы сөз ол есімдігімен ауыстырылып, енді қиыса байланысқан тіркестің алғашқы яғни бағыныңқы сыңарына айналған (ол араластырмайды). Үшінші сөйлем адамдар деген сөз олардың больш, матаса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарына айналып кеткен (олардың қызметкерлері). Төртінші сөйлемде де осылай (олардың атқаратын жұмыстары). Сөйтіп, оқушыларға мәтінмен жұмыс жасатуда сөз тіркесінің өзі компоненттерінің түрленуінде белгілі бір тұтастық құруға деген бағыныштылық, тәртіп бары көрсетіледі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқушыға берілетін грамматикалық ұғымдарды мақсат қоя отырып, жадында қалдырудың негізгі формасы – жаттығу жұмысы. Жаттығу жұмыстарының орындалуының нәтижелі болуы оқушының ақыл-ой дәрежесіне, оқуға деген ықыласына, іштей қызығушылығына байланысты. Соңдықтан да оқушыға жатық тілде жазылған, оқыған кезде қызығушылық туғызатын, тәрбиелік мәні бар ұтымды үзінділерді таңдауды міндет етіп алдық. Жаттығулар мазмұнының тәрбиелік мәні бала сезіміне әсер ететіндей болуын ескеріп отырдық.

Жаттығуларды топтау барысында белгілі қазақ жазушыларының әдеби тілде жазылған әңгіме-мәтіндерін таңдап алдық. Әдеби мәтінмен жұмыс жасаған уақытта тек грамматикалық тапсырмаларды орындатып қана қоймай, тіл дамытуға мүмкіндік ашу жолын қарастырдық. Жаттығуларды іріктеуге мынадай әдістемелік талаптарды басшылыққа алдық:

- жаттығу оқушының танымдық қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс;
- қызығушылық туғызып, өз бетімен ізденуге жағдай жасауы керек;
- ұшқыр ой, ұтымды пікір, бейнелі сөздер кездесетін, тәрбиелік мәні бар мәтін-әңгімелер алынуы шарт.
- оқушы қиялын дамытатын шығармашылық сипатта болуы қажет.



Танымдық әрекетті дамытуға арналған жаттығулар мәтінді талдау әдістері арқылы жүргізіледі. Мәтінді талдау әдістеріне мыналар жатады:

- ортақ тақырыбы жоқ сөйлемдер тобы мен кішігірім мәтінді салыстыру арқылы мәтін ерекшелігін таныту;

- мәтінге тақырып қою, негізгі ойды табу;

- мәтінді бөлікке бөліп, (кіріспе, негізгі, қорытынды) бөлімді ажырату;

- ой аралығын (абзац) анықтап, жоспар жасау;

Танымдық жаттығуларды орындау арқылы мәтіннің негізгі белгілерін (байланыстылығын, бірізділігін, бөліктерге жіктелетінін) ажырата алатын болады. Мәтін және оны құрап тұрған мәтін бөліктерінің ара қатынасын, ішкі байланысын анықтау оқушының танымдық қызметінің нәтижесі болып табылады.

Баланың қиялын, шығармашылығын дамыту тапсырмалары «берілген сөзден сөйлем құра» немесе «берілген суреттен әңгіме құра» деген сияқты ойды жаттықтыру қызметін атқарады. Шығармашылық қабілетті дамыту үшін бала ойдан шығарып, соны сезініп қуанатындай болуы керек.

Сөйлем бүкіл тілдік категорияларды өз бойына жинақтай келе өзіндік үлкен екі қасиетімен дараланады. Біріншіден, оның негізін құрайтын элемент – бастауыш пен баяндауыш. Осы туралы мүшелердің негізінде ғана оның модальдік қасиеті айқындалса керек. Сондықтан да ең алдымен, сөйлемге тән қасиет ол-предикативтілік. Предикативтілікке көбінесе тек жақ, шақ мәселесі ғана негіз болады. Осы екеуі арқылы предикативтілік жүзеге аса алады. Ал модальдіктің негізгі көрсеткіштері рай категориясы, модаль сөздер мен демеуліктер және интонация арқылы көрінеді. Міне осындай белгілері бар сөйлем ғана қарым-қатынас құралы бола алады.

Біздің мақсатымыз бастауыш сыныптарында сөйлемді меңгерте отырып, бала тілін дамыту болғандықтан, енді осы мәселе төңірегін сөз етелік.

Оқу жүйесі барысында сөйлем тақырыбы нешінші сыныптан бастап үйретілуі тиіс деген сұраққа әдіскер - ғалымдар бір ауыздан I – сыныптан бастап практикалық жолмен түсіндірілуі тиіс деп есептейді. С. Қазыбаев: «... мектеп табалдырығын енді ғана аттаған I-сынып оқушылары сауат ашу сатысында-ақ тіл дамыту машығына сөйлем арқылы үйретіле бастайды. Әліппе кеінде сөйлемнің ойды білдіретіні, оқығанда, айтқанда сөйлемнің соңынан (пауза) жасалатыны түсіндіріледі», – десе, Ш. Әуелбаев «... сөйлем ұғымын түсіндірмей, сауат ашу, одан кейінгі басқа пәндерден білім негіздерін оқушыларға үйрету мүмкін емес. Өйткені сөйлем ұстаз бен шәкірт арасындағы ара қатынасты іске асырудың негізгі өлшемі», дейді. Шынында да оқушыларға берілетін барша білім негіздері мұғалімнің сөзі арқылы жеткізіліп отырылады. Сол сияқты сыныпта игерілетін материалдар (кез-келген пәнбойынша) түрлі әдіс-тәсілдер арқылы игерілетіні мәлім. Мұның барлығы мұғалімнің сөйлеуі арқылы іс жүзіне асады.

Төменгі сыныптарда негізгі тақырып – сөйлем. Балалар сөйлем материалдары арқылы дұрыс сөйлеу, сөз формаларын өзгерту, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын табу жолдарын үйретеді, сонымен бірге грамматикалық ұғымдарды, орфографиялық және орфоэпиялық ережелерді меңгертеді: Жеке сөздер мен сөз тіркестері ойды білдіретін сөйлем құрылыс материалы ретінде жұмсалатыны мәлім. Оқушыларға тіліміздің морфологиялық, лексика, орфография және орфоэпия заңдылықтарын синтаксистік негізде меңгерту үшін, сөйлемді тану жолындағы практикалық жұмыстардың рөлін сөйлем ішінде ғана тани алады. Сондықтан оқушыларға берілетін білім сөйлем туралы түсініктен басталуы тиіс. «Сөйлемнен тыс басқа грамматикалық тақырыптарды (Мысалы, сөз таптары, сөз тұлғасының өзгеруі) зеттеу мүмкін емес, сөйлемнен тыс балалардың тілін жетілдіру де мүмкін емес».

Мектеп бағдарламасында сөйлем синтаксисі бойынша қандай материалдар қамтылуы тиіс деген сұраққа ғалымдар әрқелкі жауап беруде. «Орта арнаулы білім беру» бағдарламаларында сөйлем және оның негізгі түрлері (жалаң сөйлем, жайылма сөйлемдер, хабарлы, сұраулы лепті сөйлемдер: жай және құрмалас сөйлемдер), сөйлем мүшелері (тұрлаулы, тұрлаусыз), бастауыш пен баяндауыштың байланысын меңгертуді ұсынады. Сөйлем тақырыбын тек практикалық жолмен танытып қоймай, теориямен байланыстыруды ұсынады. Ал профессор Х. Арғынов сөйлемнің сөзден жасалынатын, сөйлемнің құрамындағы сөз санын, сөйлемнің айтылу мақсатына



байланысты түрлерін практикалық жолмен меңгертуді дұрыс деп табады. Синтаксис саласында сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысты болатынын, оны сұрақтар арқылы анықтап, сұрақ-жауап әдісімен меңгертуді ұсынады. Сонымен қатар сөйлем соңынан нүкте, сұрақ, леп белгісі қойылатындығын, жаңа сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылатындығын, сөйлемдер мағынасына, интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерге бөлінетіндігін және жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлемдер туралы мағлұмат берілуі тиіс екендігіне тоқталады.

Әдебиеттер:

1. Арғынов Х.Қ. VIII-X кластарда шығарма жаздыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1958, №1, 71-75б.
2. Тілешова С. Әдебиет сабағында жүргізілетін жазу жұмыстары (4-8кл.)-Алматы: Мектеп. 1971. – 116 б.
3. Ысқақов Б.Бастауыш сыныптарда шығарма жаздыру. – Шымкент: «R-DIAR». 2002. – 180б.
4. Мақпыров С., Алтынбекова С. Қазақ әдебиетінен шығарма жұмысы. Алматы, 1987 ж.
5. Кәрібаев Ш.Әдебиеттік оқуға байланысты жазу жұмыстары. // Халық мұғалімі. 1946. №5, №6.
6. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 217б.
7. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1969. – 242 б.
8. Дайрабаев Е. Жоғары сыныпта жазу жұмысының методикасы жөнінде.– Алматы: Мектеп, 1968, – 66 б.